

Ресми рецензент **Сарсембаева Нуржан Билтебаевнаның**

6D120200-«Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша философия дәрежесін (PhD) тағайындалуын ұсынылған Алиева Гульнур Козыевнаның «Солтүстік Қазақстан аймағында таралған Staphylococcus spp. штаммдарының төзімділік бейіндерінің айырмашылығы мен түршілік ерекшеліктері» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысына берілген жазбаша пікірі

№ р/р	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы бойынша ҚР БҒМ №АР05131447 "Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі энтеропатогенді зооантропонозды аурулар қоздырғыштарының антибиотикке төзімділігінің мониторингі" гранттық қаржыландыру жобасы;</p> <p>267 "Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы министрлігі қаржыландырған BR10764944 "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін талдамалық бақылау және мониторинг жүргізу әдістерін әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламасы шеңберінде "Жануарлардан және жануарлардан алынатын шикізат пен өнімдерден бөлінетін патогендік микрофлораның антибиотиктерге төзімділігінің пайда болу тәуекелдерін талдау" жобасы, 101 "Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру" кіші бағдарламасына сәйкес орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері стафилококк экологиясы, әртүрлі көздерден оқшауланған стафилококк штаммдарының биологиялық қасиеттерінің ерекшеліктері мен айырмашылықтары туралы түсініктерді кеңейтеді.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен</p>	<p>Диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге арналып және ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан толығымен негізделген. Микробиологиялық және молекулярлық-генетикалық әдістермен антибиотикке төзімділікті анықтау микроорганизмдердің антибиотикке төзімділік күйінің нақты көрінісін береді, микробқа қарсы препараттардың әртүрлі топтарына төзімділіктің пайда болуын болжауға, сондай-ақ жергілікті және аймақтық деңгейде төзімді штаммдардың таралуын бағалауға мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Қазақстанның Солтүстік өңірінде жануарлардан, құстардан және жануарлардан алынатын өнімдерден бөлініп алынған Staphylococcus spp. штаммдарының төзімділік бейіндерінің айырмашылығы мен түрішілік ерекшеліктерін анықтауда жүргізілген зерттеулер диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымдары логикалық толығымен байланысқан.</p> <p>Жануарлардан, құстардан және жануарлардан алынатын өнімдерден бөлініп алынған Staphylococcus</p>

		салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	сpp. штамдарының төзімділік бейіндерінің айырмашылығы мен түрішілік ерекшеліктерін анықтауда алынған мәліметтер жан-жақты дәйектелген және сыни түрде талданған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Республикамыздың Солтүстік облыстарында алғаш рет мал шаруашылықтарында және жануарлардан алынатын өнімдерінен оқшауланған стафилококк штамдарының антибиотикке төзімділігіне талдау жүргізілді және вируленттіліктің генетикалық бейіні туралы мәліметтер алынды. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен ережелерін жартылай жаңа деп тануға болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады деп есептеуге болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу барысында қолдаған технологиялық шешімдер қойылған міндеттерге сәйкес негізделген және толығымен жаңа деп айтуға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u>	Диссертациялық жұмыс негізінде жазылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдеулерде толығымен негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия;	Стафилококк штамдарының биологиялық қасиеттерінің ерекшеліктері мен төзімділік бейіндерінің айырмашылықтарының қағидаты толық көлемде дәлелденген. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды

		<p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>емес.</p> <p>Жүргізілген зерттеу нәтижелерін жаңа деп есептеуге болады.</p> <p>Алынған нәтижелерді тәжірибеде кеңінен қолдануға болады.</p> <p>Зерттеу жүргізулер бойынша алынған мәліметтер шығарылған мақалаларда жан-жақты дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу барысында әдістеменің таңдауы негізделген және де зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснама диссертациялық жұмыста нақты жазылған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары диссертацияда қойылған міндеттерге сай берілген және стафилококктардың түрлік құрамы айтарлықтай әртүрлі болуымен ерекшеленетіні анықталды. Стафилококктардың оқшауланған штамдарының басым көпшілігі, соның ішінде КТС, бөлініп алынған көзіне қарамастан, вируленттілік факторларының белгілі бір жиынтығына ие екендігі көрсетілген. Республикамыздың Солтүстік облыстарында алғаш рет мал шаруашылығы шаруашылықтарында және жануарлардан алынатын өнімдерінен оқшауланған стафилококк штамдарының антибиотикке төзімділігіне талдау жүргізілді және вируленттіліктің генетикалық</p>

			бейіні туралы мәліметтер алынды, зерттеулер жүргізу барысында толық көлемде расталып, дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және отандық және шетелдік 223 ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға және негізгі мәселелерді шешуге қамтылған.
9	Тәжірибелік құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар, тәжірибелік жұмыстар жүргізу барысында алынған деректер бойынша нақты материалдар негізінде дәлелденген.
		9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары деп есептеуге болады.
		9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс барысында алынған зерттеу нәтижелері бойынша тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы-жоғары.

Шешім: Алиева Гульнур Козыевнаға 6D120200-«Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша философия дәрежесін (PhD) тағайындалуын ұсынамын.

«ҚазҰАЗУ» КЕАҚ ветеринария ғылымдарының докторы,
профессор, ветеринарлық-санитарлық сараптау
және гигиена кафедрасының меңгерушісі

Н.Б. Сарсембаева

Н.Б. Сарсембаеваның қолын растаймын:

Ғалыми хатшы



РАСТАЙМЫН
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университетінің ғылыми кеңесі
« 05 12 22